

А 2010

21662к


Замандастан

**мирас**

Жанболат ӘЛИХАНҰЛЫ

Біртұярылар

«ҚАЗАҚСТАН»




А 2010/21662к

Замандастен

**Мирас**

**Жанболат ӘЛИХАНҰЛЫ (Аупбаев)**

# БІРТУАРЛАР



АЛМАТЫ

«ҚАЗАҚСТАН»

2002

АДК 070  
БКЖ 78.01

ISBN 9965-10-087-X  
00(02)-09

© Әлиханұлы Ж. 2002  
"Қазқстан" Ж. 2002

ISBN 9965-10-087-X



УДК 070  
ББК 76.01  
Ә 54

*Бұл кітап Қазақстан Республикасы Мәдениет және  
Ақпарат министрлігінің әлеуметтік маңызды әдебиет  
тізіміне енгізілген*

**Әлиханұлы Жанболат (Аупбаев).**  
**Ә 54 Біртуарлар: — Алматы: “Қазақстан”, 2008. — 408 б.**

ISBN 9965-10-087-X

Белгілі журналист, жазушы Жанболат Әлиханұлының бұл кезекті кітабы қазақ халқының біртуар ұлдарының ғұмырын, оның қалың көпшілікке белгісіз болып келген тұстарын қызықты, орынды баяндайды, оның ұлы перзенттерінің беймәлім сырларын ашады.

Кітап қалың көпшілікке арналған.

Ә 4502020000-05  
00(05)-09

УДК 070  
ББК 76.01

ISBN 9965-10-087-X

© “Қазақстан” 2009  
© Әлиханұлы Ж., 2009

## АҚ ПАРАҚ

(Алғысөз орнына)

Басқа біреу емес, талай жылдан бері әйгілі “Комсомольская правданың” құтына айналған табиғат тамыршысы Василий Песковтың өзі бірде оған былай депті:

– Сен өзің жап-жас жігіт екенсің. Мына ақ парақ секілдісің. Өмірің жаңа ғана басталды. Көп болса, журналистік өмірбаянына бір-екі-ақ сөйлем ғана жазылған шығар. Қалғанының бәрі аппақ. Сондықтан сен өзің белгілі бір тақырып тауып ал. Әйтпесе, бәрі бекер...

\* \* \*

Бұл Мәскеудің төріндегі жастар журналистикасының шынайы шеберханасы “Комсомольская правданың” шаңырағында, жазу өнерінің майталманы Песковтың бөлмесінде болған әңгіме. Сол кездегі Одақ астанасына тәжірибе жинақтауға барған жас журналист табиғаттың тілін білетін, төрткүл дүниеге танымал аға буын әріптесін іздеп күнде келеді. Ол кісі редакцияда көп отырмайтын көрінеді. Жолқапшығын арқалап, фотоаппаратын мойнына іліп, дүниенің қойны-қонышын шарлайды да жүреді екен. Қос ат мініп қусаң да ұстай алмайсың. Бір күні ол кезекті сапардан келеді. Атағы жер жарғанымен, қарапайым адам екені байқалады. Шынында да журналистиканың жампозы ешқашан мақаласының соңына Лениндік сыйлықтың лауреаты екенін көрсетпейтін. Тіпті аты-жөнін де толық жазбай, “В. Песков” деп қана қысқа қайырып, қол қоятын. Василий Михайлович өзін іздеп, сонау қазақ жұртынан келіп отырған қағілез қара жігітке ризашылық білдіреді. Сөйтеді де әңгімеге тартады.

– Иә, жарқыным! Немен шұғылданып жүрсің өзі? Айтшы маған?

– Жазып жүрмін...

– Ал не жазасың сонда?

– Не жазайын... Тапсырма береді. Зырылдап заводқа кетем. Шапқылап шаруашылыққа аттанам. Барып келемін де, бұрқыратып жазам, – дейді бұл.

– Сен олай істеме, – депті сонда әйгілі әріптесі жас журналистке. – Ондай науқандық тапсырмаларды сол қолыңмен сүйкей сал. Ал өзіңнің рухани дінгеңіңе айналатын дүниелеріңді оң қолыңмен жаз. Сонда үш-төрт жыл өткен соң артыңда із қалады. Жазғаның ертең кітап болып шығады. Ал қар тоқтату, мал төлдету, қора-қопсыны жөндеу туралы жаздың делік. Мұның бәрінен ешқандай белгі қалмайды. Оны ертең парақтайсың да, терең бір күрсінесің. Сондықтан тосын тақырыптың соңына түс. Нәтижесі жаман болмайды. Сөйт, көгершінім!

Талайға арман болған “Комсомольская правданың” шаңырағында отырып, Песковпен пікірлесіп қайтқан жиырма алты жастағы Жанболат Аупбаев, келген соң талап тұлпарына қамшыны басты дейсің. Бұл кезде оның “Лениншіл жастың” қабырғасында жүргеніне үш жыл болып еді. Бір тақырыпқа бейімделу орыс журналистерінің дәстүрінде қашаннан бар үрдіс. Ылғи науқандық шаруалардан көз ашпайтын жастар газетінің қызметкерлері соларға қатты қызығатын. “Шіркін-ай, біз де осылай жазсақ қой”, – деп армандайтын. Ол тұста қазақ баспасөзіндегілердің ішінде бір тақырыпты қаузағаны некен-саяқ. Сейдахмет Бердіқұлов жас күнінен спорт тақырыбын серік етті. Ақселеу Сейдімбек этнографиялық тақырыпқа бойлады. Олардың соңын ала журналистикаға ат қосқан Жарылқап Бейсенбайұлы сурет өнері туралы қалам тербеп, газеттің “Аққу” эстетикалық клубын жүргізді. Кейін жолқапшығын арқалап, Шоқан ғұмыр кешкен, ұлы ғалымның ізі қалған мекендерді бетке алып, саяхатқа шықты. Аға буынның ішінен белгілі бір тақырыпқа маманданған осы үшеуінің ғана аты ауызға ілінетін еді.

Содан кейіпкеріміз Песковтың “Таңғы шық” деп аталатын кітабына жазып берген қолтаңбасына қарап отырып, ойға

берілді. Тыңнан жол іздеді. Ақыры, жеке творчествосының кілтін тапты. Тағдыры ерек, мінез-құлқы бөлек, айрықша адамдар Аупбаев шығармашылығының алтын арқауына айналды. Елді елең еткізген, талайды таңғалдырған, бұрын беймәлім болып келген қазақтар жайында құлшына қалам сілтеді. Әлем құлақ түрген оқиғалардың өз жұртына қатысты қалтарыс тұстарын қазбалады, тосын құбылыстардың қыр-сырын ашуға ұмтылды. Жер жаһанды қанға бөктірген сұрапыл соғыс тарихындағы ақтаңдақтарды іздеп тапты. Бұл жағынан ол қазақ журналистикасына “Комсомольская правданың” үлгісін әкелді. Бірақ жазған дүниесінің бәрінің өн бойында ұлттық ұстын айқын аңғарылып тұрды. Журналистикада жаңа жол тапқан Жанболат Аупбаев әр мақаласы арқылы елді селт еткізетін жаңалық ұсынып, қалың Қазақ елінен сүйінші сұрап отырды. Оның әрбір жарияланымы келесі мақаласына жарнама болды. Сол кездің жастары Жанболаттың жазғандарын жата-жастанып оқыды. Сөйтіп, ол журналистік өмірінің ақ парағын өзгеше өрнектеп толтыра бастады.

Ақ парак демекші...

Жанболат жалпы ақ паракқа ерте қол созды. Ол алдымен ақ паракқа сурет салды. Зерделі бала өмірден ойға түйгенін қағаз бетіне түрлі-түсті қарындашпен өрнектейді. Бір суретін әлі күнге дейін қастерлеп сақтап қойыпты. Оны 1965 жылы 28 сәуір күні салыпты. Көктем келген мезгіл. Сөлі мен сеңнен деңгейі көтеріліп, төңіректі су алған өзен жағасы. Жарқабақта жұмыр қарағайдан қиып салған үй сұлбасы көрінеді. Одан беріректегі ағаш басында қараторғай ұясы тұр. Арбиған бұтақтар мен күшіктей бастаған шыбықтар... Былай қарасаң, сол жылдарда қазақтың бар баласы жаппай салатын дәстүрлі сурет. Бірақ Жақаңның теректе отырған торғайларының тұрқы бөлек. Тіпті торғайдан гөрі топшысы қаттырақ басқа бір мақұлыққа көбірек келе ме, қалай? Алайда суреттің көркемдік шешімінде жай баланың өрнегіне ұқсаңқырамайтын өзгеше бір үрдіс бар. Аупбаевтың құстары өршеленіп, алға ұмсынып тұр. Яғни, өміршендіктің, өрлеу мен өрмелеудің нышаны бар. Балаң туындыға психологтың көзқарасымен үңілсек, автордың ұстанымы оптимизммен орайлас екенін анық аңғарасың. Соны сезсе керек, сурет

пәнінің мұғалімі бұл “туындыға” “бес” қойыпты. Суретшіде алдымен бояу, сосын көңілі ояу болуы керек деген қағидаға жүгінсек, бала Жанболат тап осы өнерді шындап қуса, ойлы тұжырым жасайтын қарымды қылқалам иесі болып қалыптасқандай екен.

Содан кейін ол ақ параққа өлең жазды. Алғашқы өлеңі 1967 жылы аудандық газетке шықты. Бірақ ақындық өнерді өзіне серік ете қойған жоқ. Себебі, адам ақын болып қалыптаспайтын, керісінше ақын болып туатын көрінеді. Табиғи таланттың тіпті өлеңді жазып әуре болмайтынын, оның кедудесінен жыр дегенің өзінен-өзі ағыл-тегіл төгіліп жататынын ерте ұқты. Мысал керек пе? Мінекей. Алыстан іздеудің де қажеті жоқ. Тап осы Нарынқолдан шыққан екі бірдей сұрапыл ақын ағасы Мұқағали мен Еркін дүниені дүрілдетіп тұр. Жаза алсаң, соларша жаз! Ал олай болмайды екен, онда... Сосын қойды өлеңді. Ортақол ақын болғанды қаламады.

Бірақ ақ парақты қолынан тастамады. Енді оған мақалаларын жазды. “Жақсы журналист болып та елге қызмет етуге болады ғой”, – деген ойды ерте ұқты. Соған мықтап бекінді. Үш-төрт-ақ орысы бар Нарынқол сияқты алыстағы ауылдан қазақ мектебін бітіріп-ақ Кеңес Одағының “Правда” секілді бас басылымының Қазақстандағы тілшісі болған Тельман Жанұзақов ағасы журналистикадағы жампоздықтың үлгісін көрсеткен жоқ па?! Осы тұжырымға тоқтаған жас өрен ақ армандарын тоғытқан ақ парақтың жалына мықтап жармасты. Сөйтіп ақ ниетпен болашаққа жол тартты.

\* \* \*

Сексенінші жылдардың басында журналистика факультетіне оқуға түскен біздердің кумиріміз Жанболат Аупбаев болды. “Осы күнгі ең мықты журналист кім?”, – десең, жастар бірауыздан Жанболат Аупбаевты атайтын. Таңертең пошташы жатақхананың кіре берісіндегі үстел үстінде “Комсомольская правданы” үйіп әкеп тастайды. Сол-ақ екен, студенттер оны пышақ үстінен бөліп әкетеді. Бұл басылымға сол тұста жатақханадағылардың бірі қалмай жазылады. Өзі де газет біткеннің төресі. Үйренетін нәрсе жеткілікті. Бұрынғы Одақтың қаламы қарымды журналистерінің бәрі сонда



шоғырланған. Фотоаппаратын өңгеріп, адам аяғы баспаған қиырларды шарлауға құмар Василий Песков, қоғам һәм мораль тақырыбының иін қандырып илейтін Инна Руденко, ғарыш мәселелерін жілікше шағатын Ярослав Головановтың мақалалары шыққан газет қолдан қолға көшіп жүреді. Күніне елді елең еткізетін кемінде бір танымдық дүние жарық көреді. Жапатармағай таласып-тармасып оқимыз.

Бұл тұстағы “Лениншіл жастың” да оқырмандар арасындағы беделі “Комсомольская правдадан” бір кем емес. Пошташы оны да қаптатып әкеледі. Сейдахмет Бердіқұлов басқаратын басылым журналистерінің айдарынан жел есіп тұр. Есімдері жалпақ жұртқа кең танымал. Ел ішіне сапарға шыға қалса, халық оларды ғарышкерді күткендей әлпештен қарсы алады. Солардың ішінде әсіресе жұртшылықтың Жанболат Аупбаевқа деген ықыласы алабөтен еді. Ол “Лениншіл жастағы” бұрыннан бар лиризмді берік ұстанумен бірге “Комсомольская правда” мен “Литературная газетадағы” драматизм мен психологизм үрдістерін жастар басылымына батыл орнықтыра бастады. Сөйтіп оның мақалалары мен очерктері осы ерекшеліктері арқылы елді ауық-ауық дүр еткізумен болды. Жұрттың аузында тек соның аты жүреді. Оқимыз. Қызығамыз. Таңғаламыз.

Қалай таңғалмайсың? Атақты қолбасшы Георгий Жуков 1945 жылы Жеңіс парадына мініп шыққан Араб атты сәйгүлік біздің Луговойда өмірге келген Абсенттің “әкесі” көрінеді. Осыны жылқы зауытына барып, жылнамаларды ақтарып отырып, Аупбаев анықтады. Александр Матросовтың ерлігін қайталағандардың бәрі шейіт болғаны белгілі. “Матросов ерлігі” деген ұғым – өлім себелеп тұрған пулеметтің ұясын кеудеңмен жауып, өз еркіңмен жан тапсыру деген сөз. Демек, тірі қалу мүмкін емес. Бірақ соған қарамастан одан да аман қалған кісі бар екен! Оны айтасың, ол адам басқа емес, өзіміздің қазақ болып шықты. Аты-жөні – Сабалақ Оразалинов. Әлі күнге дейін арамызда көптің бірі болып елеусіз жүрген оны Аупбаев іздеп тауып, темір жол бойындағы шағын күркенің ішінде отырып сағаттап әңгімелесіпті. Сол Сабалақтың ғайыптан тайып, аман қалғанының арқасында дүниеге келген ұлы Асқар Оразалинов кейін су добынан

еліміз құрамасының капитаны болып, аламан бәйгелерде талай рет топ жарды. Ғарышқа алғаш рет самғаған Юрий Гагариннің ұстазы қазақ екен. Оны да жалпақ жұртқа Жанболат аға таныстырды. Соғыс кезінде Батыс Қазақстан аспанында жау ұшағы ойқастай бой көрсетіпті. Бірақ сол неміс ұшағын көп еркінсітпей біздің ұшқыш таран жасап соғып, Орда ауданының құмына құлатыпты. Мұның да жай-жапсарын басқа емес Жанболат Аупбаев баяндайды. Әлемді шарлаған әйгілі суреттің жайын айтсаңшы... Бір аяғы жоқ майдангер Брест қамалындағы 1941 жылғы шайқасқан жеріне жиырма жылдан кейін келіп, окоптың жақтауына маңдайын сүйеп, жылап тұр. Бұл суретті Беларусь телеграф агенттігінің фототілшісі Михаил Ананьин түсірген. Ол атақты публицист, Лениндік сыйлықтың лауреаты Сергей Смирновтың “Брест қамалы” атты кітабында жарияланған. Ал талай халықаралық көрмелерге қойылып, бүкіл дүние жүзін шарлап шыққан “Соғысқа лағынет!” деп аталатын осы суреттегі кісінің кім екенін білесіз бе? Сөйтсек, өзіміз ҚазГУ-дің коридорында күнде көріп, жанынан ойқастап өтіп жүрген биофактың профессоры Владимир Фурсов екен. Белгілі ғалым. Ғылым докторы. Тағдыры тым аянышты көрінеді. Аяғынан жараланып, тұтқынға түскен. Жіліншігін сондағы лагерьде кескізіп, өлім аузынан қалған. Көрмеген қорлығы жоқ. Соның бәрінен аман-есен өткен. Көйлегін құшақтап туған ба дерсің. Демек, жұртты естен тандыратын жаңалық алыста ғана емес, іргенде, тіпті иегінің астында да тұратын көрінеді. Тек оны іздеп табу керек. Жанболат Аупбаев осы қағиданы қазақ баспасөзіне мықтап орнықтырды.

Міне, оның тағы бір тамаша дүниесін оқып отырмыз. Құпиясы көп Көккөлдің жағасында күнұзаққа сарылып, алып құбыжықты аңдыпты. Осы көлді мекен еткен аждаһа ара-тұра басын көтеріп, төңірекке көз салады екен деген қауесет тарап кеткен. Осыған орай арнайы келген беті. Сол еңбегіне қарай әлгі елді дүрліктірген құбыжығы құрғыр көл бетіне шыға қоймайды. Автормен бірге сол жексұрын пәленің тезірек көрінуін сен де тағатсыздана күтесің. Бірақ күткен ғұрлы берекетің кетеді. Көккөл құбыжығы эне-міне дегенше аяқ астынан сопаң етіп, су бетінде пайда болып,

журналист ағамызды асай-мүсейімен қосып жұтып жіберетіндей көрінеді. Сөйтіп, мақаланың аяғына жеткенше жүрегің суылдап, әбден діңкең құриды.

Бала көңіл бізге Жанболат Аупбаев қолынан келмейтіні, іздеп таппайтыны жоқ, мүмкіндігі шексіз адам секілді сезілетіні: Тіпті оның сол тұста сұм соғыстың небір қоясын ақтарғаны соншалық, Матросовтың ерлігін Матросовтан бұрын қайталаған қазақты тауып берсе де таңғалмайтын едік.

Осының бәрі журналист мамандығын игеремін деп Алматыға келген біз секілді бозөкпелерге қатты әсер етті: “Қой, редакцияға барайық, атағы жер дүниені тігіретіп тұрған Аупбаевты өз көзімізбен көрейік”, – дестік. “Мен оны жақсы білемін, – деді тастай пысық курстасымыз Мұратбек Тоқтағазин. – Менің жездем ғой ол. Біздің ауылдағы Ләззат деген әдемі әпкемізге үйленген. Сендерді өзім ертіп апарып таныстырайын”. Түнімен қалғып-мүлгіп отырып, бұрқыратып жиі мақала жазатын Мұратбектің өзі күнде “Лениншіл жастан” шықпайды. Бірде жездесіне барады, бірде өзгесіне барады, әйтеуір кешке қарай жатақханаға бір құшак бу ала кіреді. Бірақ қолы тимеді ме, әлде ұмытып кетті ме, Тоқтағазиннің бізді Жанболат Аупбаевпен таныстыру рәсімі түрлі себептерге байланысты кешеуілдей берді. Сосын бірекі жігіт Максим Горький көшесіндегі 50-ші үйді бетке алып, тартып кеттік.

Сөйтіп, жетінші қабаттағы “Лениншіл жасқа” Жанболат Аупбаевты іздеп келіп тұрмыз. Танысуға батылдығымыз жете қоймас. Ең болмаса сыртынан көріп кетсек дейміз. Ол кезде қазіргідей кит етсе журналистердің мақалаларын суретімен қоса беріп жататын үрдіс жоқ. “Лениншіл жастың” сайыпқырандарының атын естігеніміз болмаса, ешқайсысын түстеп танымаймыз. Қарсы алдымыздан былғары күрте киген кербез жігіт ағасы шыға келді. Жүріс-тұрысы маңғаз. Шашы қалың. Көзі оттай жанып, төңірегіне сынай көз тастайды. Мінез-құлқында паңдық бар. Атақ-даңқы дүрілдеп тұрған Аупбаев дәу де болса осы шығар дейміз. Басқаша болуы мүмкін емес. Қасына баруға жігеріміз жетпеді. Айналсоқтап жүріп, біреулерден сыр тартып көрсек, Аупбаев емес, сол тұста есімі елге кең танылған сыншы Қамбар Керейқұлов екен. Әрі қарай кеттік.

Әне, бір жігіт ағасы бөлмеден шығып барады. Шашы ептеп бурыл тартқан. Бойы екі метрге жуық. Адымы кең. Асықпай қозғалады, сыбырлаңқырап сөйлейді. “Бой-сойы келіскен кісі екен, атақты Жақаң осы шығар”, – деп соның ізінен ердік те отырдық. Ұзынтұра ағайдың соңынан қалмай, газеттің машбюросына, одан әрі “Ленинская смена” басылымы орналасқан арғы қанатқа да барып қайттық. Ол да: “Бұлар неғып менің төңірегімде күйбендеп жүр?” дегендей бізге жәймен ғана күдіктене көз тастап қояды. Бірақ сонша аңдыған еңбегіміз ақталмады. Бұл ағамыз да іздеген кісіміз емес, газеттің шаруа жастар бөлімінің меңгерушісі Саттар Сапарбеков болып шықты.

Міне, тағы бір ағамыз бері қарай баяу аяндап келеді. Көзілдірік таққан, келбеті келіскен жігіт екен. Шашының әрбір талына дейін қисаймай орнында тұр. Аса ұқыпты екені бірден байқалады. Модалар салонының ішінен қазір ғана жұтынып шыға келгендей әсер қалдырады. Ендеше, мұнтаздай киінген мына кісінің Аупбаев болмауы мүмкін емес. Бұл енді таза соның өзі. Тек барып амандасуымыз ғана қалды. Сонда да алдымен анықтап алайық деп, жол-жөнекей жолыққан бір кісіден сұрап едік: “Сендер не, жауапты хатшымыз Ерғали Сағатовты танымайсындар ма?”, – деп бізге біртүрлі көзбен қарады.

Сөйтіп жүріп оны көрдік-ау ақыры. Қагілез қара жігіт екен. Сол кезде оның ілгеріде Бауыржан Момышұлымен телефон арқылы сөйлескенде “тырыли арық қарамын” дейтіні есіме түсті. Бұл қалай ойымызға келмеген? Тез қимылдайды. Бағанадан бері қасымыздан сан рет өткен-ді. Ол кісіні Аупбаевтың дәл өзі деп кім ойлаған? Өте қарапайым әрі кішіпейіл көрінді. Ал енді бізге сонысы қатты ұнады. Ешқандай жасандылығы жоқ, табиғи мінез-құлыққа ие мұндай адамдардың алдына мақаланды еркін алып кіресің. Терісіне сыймай сызданып отыратындарға мүлде жолағың келмейді. Көп ұзамай журфактың студенттері Аупбаевтың айналасына үйіріле бастады. Жазған-сызғанымызды алдымен соған ұсынатын болдық.

Бір күні атақты электрмен дәнекерлеуші Манат Ахметова туралы очерк жазып апардым. Бұл сол кезде атағы дүрілдеп

шыға бастаған құрылысшы апамыздың Мәскеуде өтетін съезге делегат болып ұсынылып жатқан кезі еді. Жанболат аға қалың қағаздың арасында көміліп отырып, жазғанымды көп жөндемей, ептеп қана мұртын басып, газетке ұсынды. Менің баландықтың иісі аңқып тұрған сүреңсіздеу тақырыбымды “Қала оттары жымындайды” деп өзгертті. Ұзамай жарқ етіп, “Лениншіл жасқа” шыға келді. Ол осылайша жалғыз мен ғана емес, өзіміз қатарлы талай студенттің қаламын қатырып тұрып ұштап берді.

\* \* \*

Жақаң рухани нәрді өзінің отының басынан алыпты. Әкесі қарапайым ұста болған. Қазақ ұстаны жақсы көреді ғой. Оның үстіне қазір де көзі тірі, тоқсанға таяп қалған Әлихан ақсақалдың тақуалығы керемет. Кеңес дәуірінде намаз оқыды. Ешкімнен қарыз алмады. Ешкімге қарыз болмады. Өмір бойы орден-медаль дегендерге қарсы екен. Бұған ол кісі адамдарды таластыратын, қызғаныш туғызатын жағымсыз нәрсе деп қарапты. Осы мінез Жақаңа да дарыған. Бәйгеге суырылып көп түсе бермейді. Жеткен биігінің бәрін қанағат қылады. Мақаласының соңында тұрған аты-жөнін марапаттың бәрінен де артық көреді. Біреудің алдына түсемін деп ешқашан жанығып ұмтылған емес. Атақ-абыройы, бақ-несібесі мұны өзі іздеп тапты. Соған қарамастан Алматыдағы журналистика энциклопедиясын шығарушылар Жақаңды жинаққа енгізуді “ұмытып” кетіпті. Бәлкім: “Ол кісінің өзі де бір энциклопедия ғой”, – деген шығар.

Шешесі әкесіндей емес, мінезді кісі екен. Тілге өте жүйрік. Адамның ойына келмейтін, ел естімеген мақал-мәтелдерді түйдектете айтып тастап отырған. Оның айтқан тіркестерін қазақтың тіл ғылымының тарландары түзген фразеологиялық сөздікті он қайыра ақтарсаң да таба алмайсың. Мысалы: “Куэнің екі беті қап қара”, дейді. Әдепкіде әр нәрсеге зерек ұлдың өзі осыны ұқпай қалатын. Сөйтсе, куэ деген дауласқан екі жақтың ортасында қалған бір бейшара екен ғой. Анаған да, мынаған да жалтақтайды. “Елемеген бұта көз шығарады”, деп ескертіп отырады. Шынында да солай ғой. Байқамасаң басыңа тас боп тиетін нәрсе аз ба... Көрпесі

жиналмай, үйінің іші шашылып жататын әйелдерді көрсе: “Ақсары алып қашқандай”, деп күйінеді екен жарықтық. Бала Жанболат “ақсары” дегеннің не екенін түсіне қоймайтын. Соған есейгенде көзі жетті. Бірде өзен жағасында отырды. Мамыражай тыныш тіршілік. Сиырдың жапасын шоқыған қара қарға, шықылықтаған сауысқан, жөнімен жайылған мал... Бір уақытта бір құс келіп әлгілердің ту-талақайын шығарды. Ақсары деген нәлет сол екен. Өте бір тентек кішкене ғана берекесіз құс. Даусы да жаман. Тыныштықтың шырқын бұзып, бәрін алатайдай бүлдірді де кетті. Соның кесірінен жаңағы тіршілік иелерінің әрқайсысы әр жаққа қашты. Осындай сөздерді сәт сайын тоғытып отыратын ел ішіндегі көзі тірі “фразеологиялық сөздік” – Нұрша апамыз Жанболаттың бойына сөз құнарын әбден сіңіріп барып, 1998 жылы өмірден өтті.

Ел жаппай бас қойып оқыған мақалалар мен очерктерге дерек іздеу оңайға түскен жоқ. Қолға түспейтін кейіпкерлерін дамылсыз аңдыған кездері болды. Әйгілі публицист Генрих Боровикті Павлодардың қонақ үйінде ұйқы көрмей түнімен күтіп отырды. Жанына барайын десе, шіренген шенеуніктер қақпайлап жолатпайды. Содан түннің бір уағында құрметті қонақты Мәскеуге ұшырып жіберудің алдында жолаяқ жасап жарбандағандарға қарамай атақты әріптесінің бөлмесіне кешірім сұрап кіріп барды. Басқаша жол жоқ еді. Генрих Боровик – 1967 жылы АҚШ-та АПН-ның тілшісі болып, баяғы Уақытша үкіметтің басшысы Керенскиймен әңгімелескен адам. Оның: “Мен 1917 жылғы 7 қарашада Қысқы сарайдан әйелдің киімін киіп қашқаным жоқ. Тарихшыларыңыз солай жазып жүр. Қақпадан Америка елшілігі жіберген машинаға мініп кеткенмін. Құдай үшін елге соны жеткізіңізші”, – деген жалынышты дауысын өз құлағымен естіген, халықаралық дәрежеде мойындалған қаламгер. Павлодарға өзі келіп тұрған осындай “олжаны” қолдан жіберіп алу ағаттық болар еді. Ғажабы сол, Генрих Авиэзорович өте инабатты адам екен. Жалпаңбайлардың өз бөлмесінен шыға тұруын өтінді де жас тілшіге жарты сағат бойы сұхбат берді. Осы кезде оның Алматыдан бірге еріп келген әріптестері қонақ үйдің бөлмесінде шалқасынан



түсіп, тәтті ұйқының құшағына беріліп жатыр еді. Бұл бір ғана мысал. Жанболат аға барлық мақаласының кейіпкерлері мен деректерін осылай жанкештілікпен іздеді. Соның бәрін тереңнен толғанып, ар ісінің азабымен арпалысып отырып, жүрегімен жазды. “Жас Алаштың” оқырмандарын дүр сілкіндірген талай дүниенің редакциядағы жұмыс кабинеті мен үкінің ұясындай қазыналық пәтердің айналымға келмейтін кухнясында жазылғанын бүгінде біреу білсе, біреу білмес.


Ол қазақтың тұғыры биік бес басылымында қызмет істеді. Жастығын “Жас Алашқа” арнады. Байыпты байламдарын “Қазақстан коммунистінде” қалдырды. “Халық кеңесінде” шығармашылығының жаңа тынысын ашты. Аты өзгерген “Ақиқатты” парасатты пайымдарымен байытты. “Астана ақшамының” ізашары болып, оның соны сүрлеуге түсуіне үлес қосты. Қазір аға газет “Егемен Қазақстанда” бас редактор болып отыр. Мұнда келген соң “Етжеңді “Егемендіні” елмен қауыштырды. “Жәдігер” жинағы арқылы газеттің тарихын түзді. Аға басылымдағы 11 жыл ішінде “Потаниннің туысы”, “Балуан Шолақтың немересі”, “Ас!”, “Конструктор Калашников”, “Номад”, “Тянь-Шанның ковбойы”, “Димаш ағаның дәрігері”, “Тимур”, “Қойшыбай мен Тойшыбай” секілді 100-ге жуық танымдық мақалаларды өмірге әкелді. Басшылық қызметте жүрсе де жазудан қол үзген жоқ. Ең бастысы осы да.

\* \* \*

Ол әлі күнге дейін өзінің журналистік ғұмырының ақ парағын тағдыры ерекше, болмысы бөлекше адамдар туралы ойлы жазбалармен, тың деректермен, мәнді мәліметтермен толтырып келеді. Бірақ оны кір шалдырмай үнемі таза ұстады. Аупбаевтың ақ парағына қаламның сиясынан басқа ештеңенің дағы түскен емес.

Бауыржан ОМАРҰЛЫ,  
*Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитетінің төрағасы,  
филология ғылымының докторы,  
профессор*

# НАМЫСҰЛЫ



Не болғанының бәрін тәптіштеп айтып жатпай-ақ қоялық, Баукеңмен алғашқы күнгі жүргізген “келіссөзіміз” сәтсіз аяқталды. Келесі күні ол кісінің үйіне қайыра қоңырау шалдық.

– Әй, – деді телефонның екінші басындағы дауыс, – сен осы менен қанша шақырым жерде тұрсың?

Бұл күтпеген сұрақ еді. Көкбазар қасындағы Баспасөз үйі мен Гоголь көшесіндегі “Радиотехника” дүкенінің арасын кім өлшеп көрген? Бірақ сұрақтың аты – сұрақ. Оған жауап бермеуге болмайды.

– Бір шақырымдай жерде тұрмын, Бауке.

– А, онда мәселе былай, қарағым. Маған Қазақ радиосынан адамдар келмекші. Егер олардан бұрын үйге кіріп кетсең, жолыңның болғаны. Ал, кешігіп, не әлгілермен қабаттасып, қосақталып келсең, онда маған өкпелеме. Қабылдамаймын.

Баукең осыны айтты да телефонды дірілдете жөткірініп алды. Содан соң:

– Бір шақырым дегенің жүгіре білген жанға жеті-ақ минуттық жол. Немене, қозы қарның бар ма еді? Онда қарызға бір-екі минут қосуға болады, – деді.

– Жо-жоқ... Тырыли арық қарамын, Бауке...

– Олай болса, мына ыстықта сорламайтын болдың. А нука, бегом марш!

...Асфальт көше бойымен аңыратып келемін. Еңкейіп отырған Емелев ескерткішінен өте бергенде, сағатыма қарадым. Редакциядан шыққанымға үш-ақ минут болыпты. Енді бір ышқынсам, жетіп-ақ қалатын сияқтымын. Санамда: “Бұл – ойын емес, бұл – тәртіп, бұл – бұйрық”, – деген сөздер жаңғырығады.

...Уақыт. Тарих. Осы қос ұғым бір-бірінен ажырағысыз. Белгілі бір уақыттың ішінде ұлы өзгерістер өмірге келеді,

дүние жаңарып, ерлік істер туындап жатады. Ал, тарих... иә, тарих – уақыттың шежірешісі, адам баласының басынан өткен жайларының, ерлік істерінің куәгері.

Ерлікті жасайтын кім? Адам. Ол уақыт пен тарихтың аманда жадында. Әлмисақтан белгілі осы қағиданы қаншалықты қайталағанымызбен, сол оқиғаны, сол жайды өз басынан өткерген жан болмаса, біз ол жайында тіптен көп білеміз деп айта аламыз ба? Жоқ.

Кезінде Совет Одағының Батыры, генерал-майор И.В. Панфилов атындағы, Ленин, Қызыл Ту және Суворов орденді 8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының батальон, полк командирі болған, одан соң 9-шы гвардиялық Қызыл Тулы атқыштар дивизиясының командирі дәрежесіне көтерілген, халық батыры деп елі сыйлаған Баукеңді – Бауыржан Момышұлын көргенде, біз, міне, осыны ойлап, осыны түсінгендей, осыған көз жібергендей халде едік.

– Қоятын сұрағыңды қоя бер, бала.

– Әнгімемізді Ұлы Отан соғысының 115-ші күнінен бастасақ, Бауке...

– Е, ол күні не болып еді?

Оның мұрты тікірейіп барып басылды. “Ашуланды-ау”? – деп ойладым ішімнен. Жоқ, олай емес екен. Әлден уақытта ол:

– Айтар сөзіңді қитұрқыландырмай-ақ айтсаңшы, – деді өкпелі үнмен.

– Сол күні, Бауке, 316-шы атқыштар дивизиясы Москва түбінде алғаш рет ұрысқа кірді емес пе?

– А-а... Онда бұл сұрағың орынды екен, қарағым. 41-дің күзіндегі жағдай қандай еді, панфиловшылардың алғашқы шайқас жолдары неден басталды дегенді білмек болып отырсың ғой. Ол былай...

1941 жылғы октябрьде жау жаяу әскерлерінің – 42, танктерінің – 75, зенбірек пен минометтерінің – 45, авиациясының – 31 процентін Отанымыздың астанасы – Москваны басып алуға жұмсады. Біздің Батыс, Резерв, Брянск майдандарының жауынгерлері осынша нөпір күшке қарсы тұрды. Генерал-лейтенант К.К. Рокоссовский басқарған 16-шы армия өзінің қатарына біздің Қазақстанда жасақталған 316-шы атқыштар дивизия-

сын қосып алды да, Москваға аппаратын Волоколамск тас жолы бойында жауға өліспей беріспей, тістесіп жатып алды.

14–16 октябрь аралығында панфиловшы жауынгерлер алғаш рет шайқасқа кірді. Біздер дұшпанның танк және екі жаяу әскер дивизиясына қарсы аянбай күрестік. Күш тең емес еді. Соған қарамастан уақыттан ұту мәселесі алға қойылды. Біздің жігіттер жиырма сегіз күн бойы дамыл таппады. Бұл уақыт аралығында жау не бары жиырма бес шақырым ғана алға жылжи алды. Соғыстың алғашқы күндерінде тәулігіне 25–30 шақырым алға басқан оларға бұл мимырт жүріс тым қымбатқа түсті десе де болғандай еді. Мұның өзі 7-31 октябрь аралығында немістердің Москваға жасаған бірінші шабуылының күйреуіне әкеліп соқтырды.

...15 ноябрьде фашистер 13 танк, 31 жаяу әскер, 7 моторлы дивизиясымен Москваға екінші рет жойқын шабуылға шықты. Мұндайды тарих бұрын-соңды көріп-білмеген еді... Гитлер 1940 жылдың көктемінде Францияны жаулап алуға 11 танк дивизиясын аттандырғанда, бүкіл әлем шулағанды. Енді ол Москваға қарсы жалпы саны 51 дивизиясын жұмсағанда, адам баласының жаны түршікті. Міне, осы сұрапыл соғыстың ортасында біздің панфиловшылар да жүрді. Жүріп қойған жоқ, өз қарсыластарымен қас батырларша шайқасып, шайнасып жатты.

Осы жерге келгенде Баукең әңгімесін үзді де, үстел үстінде жатқан “Қазақстан” сигаретіне қол созды. Темекісін асықпай тұтатып алып, бір нүктеге қадалып үнсіз отырып қалды. Не ойлады екен, жарықтық?

Иә, ол қиын уақыт еді. Ресейдің омбы қарларында, батпақты ормандарында күші басым жауға қарсы бірнеше күн бойы нәртатпаған, ұйқы көрмеген жауынгерлер аяусыз күрес жүргізіп жатты. Өйткені болашақтың тағдыры солардың қолдарында еді.

Әлемнің әлдебір түкпірінде жер-жиһан гүлдеп, музыка әуеніне елтiсе, Голливудта Чарли Чаплиннің қатысуымен күлдіргі фильмдер түсіріліп жатты. Ал Швейцария курорттарында тау шаңғысынан спорт жарыстары өткізілді. Алайда, дәл сол сәтте жер шарындағы адал ниетті әрбір адам Москваның тағдырын ойлады. Өйткені осынау ұлы шайқас барша адамзат тіршілігін шешуге тиіс болатын..

Осы кезде дивизияның даңқы шыға бастаған болар, Бауке?

– 15 ноябрьде, – деді бүркіт қабағын бір дір еткізген әңгіме иесі, – оны біздің дивизиядағы бірде қуанышты, бірде қайғылы оқиғаларға ұласқан жәйттерден-ақ анық аңғаруға болатын еді. Басқасын былай қойғанда мыналарды алып қаралық. 16 ноябрь. Дубосеково разъезінде 50 жау танкісінің жолын бөгеген 28 батырдың қазасы. 16 ноябрь. 316-шы атқыштар дивизиясын 8-ші гвардиялық дивизия деп атау және оны Қызыл Ту орденімен наградтау туралы СССР Жоғарғы Советі Президиумы Указының жариялануы.

18 ноябрь. Иван Васильевич Панфиловтың опат болуы.

6 декабрь. 8-ші гвардиялық дивизия жауынгерлерінің басқа да әскери бөлімдермен бірлесе шабуыл жасай отырып, Москва түбіндегі Крюково деревнясын жаудан азат етуі.

Декабрь айының басында Москва түбінде қорғаныс ұрыстары тоқтатылып, ендігі жерде біздің әскерлердің жойқын шабуылы басталды. Отанымыздың астанасына таяп келіп қалған жаудың күші тойтарылып, 200 шақырым жерге қуылып тасталды. Дұшпан Москва іргесінде 11 танк, 4 моторлы, 23 жаяу әскер дивизиясынан айрылды. Міне, айналасы жарты айға жетер-жетпес уақыттың ішіндегі осы оқиғалар біраз жайды аңғартпай ма?

Дивизияның Москва түбіндегі шайқаста атағы шықты. Бірақ ол тым қымбатқа түсті. Өкініштісі сол, Қазақстанда алғаш жасақталған (ол бізде құрылған 16 дивизия, 7 бригаданың тұңғышы еді) панфиловшылар дивизиясындағы 18 мың адамның бәрінің бірдей ерлігі ел аузында қалған жоқ. Мұнда әлі де аты аталмаған ерлер аз емес. Соғыс болған соң, сол да, қарағым. Сондықтан да Москваға ұмтылған дұшпан атаулының жұлынын үзген жандарға әр уақытта да ата-баба тілімен айтқанда, топырақтарың торқа болсын деп басымды иіп, тағзым етемін.

Баукең осы сөзін айтып болып, сөніп қалған темекісін енді тұтата берген кезде, бөлмеге Жәмила апай кіріп Қазақ радиосынан бір жігіттің келіп тұрғанын хабарлады.

– Ол ана бөлмеге кірсін. Қазір біз де сол жаққа барамыз.

Қарсыдағы есікті нұсқай орнынан көтерілген Баукең:



– Сен де жүр. Өзіңе қажетті деген жері болса, тыңдап, жазып ал. Одан кейін ол тақырыпқа мені қайтып мазалаушы болма, – деді нығарлай сөйлеп.

Радиожурналист Юрий Шапорев төрт сұрақ әзірлеп әкеліпті. Жарты сағат ішінде оның үшеуіне жауап беріп үлгерген Баукең: “Батыр Бауыржан...” – деп басталатын соңғы сауалға келгенде, қабақ шытты.

– Мен бұл сұраққа жауап бермеймін. “Батыр, батыр...” деп несіне жар сала бересіңдер осы. Батырлығым жоқ, ал батылдығымның бары рас.

Бұл сөзді естігенде, біздің ойымызға мынадай бір оқиға орала берді.

Ұлы Жеңістің жиырма бес жылдығын тойлап жатқан күні Совет Одағының маршалы Г.К. Жуков әдебиетшілердің Москвадағы Орталық үйіне келеді. Ол сахнаға көтерілгенде, залдағылар орындарынан тұрып: “Жеңістің авторы жасасын! Ура!” – деп дауыстайды. Әлгі сөздерді естігенде, маршал тұнжыраған күйде тұрып қалған.

Содан соң микрофонға жақындайды да, бұйрық беріп тұрғандай қысқа да қатқыл үнмен: “Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің бірден-бір авторы – партия бастаған барша совет халқы. Осыны мықтап есте ұстауларыңызды өтінемін”, – дейді.

Маршал мен дивизия командирі. Олардың өздеріне берілген бағаға деген көзқарастары... Қандай қарапайымдылық, қандай кішіпейілділік. Аға ұрпақ өкілдері бүгінгі жастарды өздерінің осы сөздерімен-ақ тәрбиелеп отырған жоқ па?

– Ұлы Отан соғысының алғашқы жылында неміс армиясы Москва түбінде масқара болып, оңбай жеңілді, – деді Баукең. Бұл фашистік қарулы күштердің генералитетіне сұмдық зобалаң туғызды. Оны Гитлердің 1941 жылдың декабрінде Москва бағытындағы шабуылға қатысқан 177 генералын шайқаста қабілетсіздік көрсетті деп айыптап, армиядан мүлде аластауынан, фельдмаршалдар – Бок, Рунштед, Лееб пен моторландырылған 2-ші танк армиясының қолбасшысы Гудерианды қызметтерінен жұлып тастауынан анық байқауға болатын. Ол ол ма, гитлерлік Германияның құрлықтағы әскерлерінің бас қолбасшысы фельдмаршал Браухич те өзінің қызмет орнынан осы кезде кеткен еді.

“Генералдардың мұндай тамұқ отында өртенуі, – деп еске алды кейінірек ағылшынның әскери тарихшысы Фуллер, – сонау Марн түбіндегі шайқастан бері болып көрмеген жайт”. Менің мұндағы айтпағым, астана іргесіндегі бұл жеңісіміз совет-герман майданында ұлы бетбұрыс болды, Батыстағы мемлекеттердің “жеңілмейтін армия” деген сандырағының күлі көкке ұшты, үшінші рейхтің генералитетіндегі әскери мамандарды психологиялық дағдарысқа ұшыратты. Біздің Қазақстанда жасақталған дивизияның осы ұлы шайқасқа қатысып, Отан тапсырмасын абыроймен орындауы – зор мақтаныш еді. Мен оны ойдан қосып отырғаным жоқ, бұл өзі Ұлы Отан соғысының тарихында солай деп бағаланып, солай деп айтылған. Тағы қандай сұрағың бар?

– Майдан даласында өзін-өзі құрбан ету, жанкештілік, ерлік, қорқақтық... Соғыста мұның бәрі де болды ғой. Осылар сіздің есіңізде қандай жағдайлар арқылы сақталып қалды.

– Отан үшін өлімге бас тігу, ерлік... Бұл жайлар Бектің, Момышұлының кітаптарында аз жазылды деп ойлайсың ба, жоқ әлде соларды қайтадан айт деп тұрсың ба? Ертеректе “Төлеген Токтаров” деген әңгіме жазғанмын... Білмегеніңді содан біл, содан жауап аласың. Ал қорқақтық деген сөзіңе келетін болсақ: “Соғыста мен қорықпадым”, – деген адам болса, маған жібер. Көрейін. Онда адамдар неге қорықпасын? Қорықты. Бірақ мұны өлімнен бас сауғалап қашу деп емес, мынадай мағынада, мынадай жағдайда түсінген жөн.

Соғыс басталған күннің кешінде Батыс майдандағы әскери Өуе күштерінің қолбасшысы, авиация генерал-майоры Копец өзін-өзі атып өлтірді. Бұл не, қорқақтық па? Жоқ, ол кезінде халықтық Испанияға көмекке барған интернационалдық бригаданың нағыз жаужүрегі, франкошылардың тәубасын келтірген батыл ұшқыш болатын. Қызу қанды, албырт қолбасшы фашист авиациясының опасыздықпен баса-көктеп кірген шабуылынан алғашқы күннің ішінде жоғалтқан аэродромдарына, қапы қалған қаһарман ұландарының қазасына күйіп кетіп, соған шыдай алмай опат болды. Мұны қорқынышпен, қорқақтықпен шатастыруға болмайды, қарағым.

Ал нағыз қорқақтық деген не сонда? Соғыста оны да көруге, байқауға тура келді. Нағыз қорқақтық деген өлімнен

қорқу емес, майдан алаңындағы сол сәтте, сол сағатта болып жатқан қиындықты, шындықты жасырмай айтудан тайсақтау, жауапкершілікті өзіне алмай, басқа біреуге аудару. Соғыста одан өткен қауіпті, одан өткен қатерлі нәрсе жоқ. Өйткені мұндай қорқақтықтың арты біреудің қымбат өмірін қиюмен немесе көп құрбандыққа жол берумен аяқталатын.

Тегінде, адам баласы қызу ұрыс үстінде өлім туралы ойланбайды. Жау оғы батырға тие ме, су жүрек қорқаққа тап келе ме, оны ол тандап та жатпайды. Бұл қатер көзге көрінбей, алды-артыңды орағытып жүреді деуге болады. От пен оқ ішіндегі арпалыста ол шіркіннен аман қалсам деп үміттенудің өзі – тым тайғанақ үміт. “Ең жақсысы – оны естен мүлдем шығарып жіберу”, – дейтінбіз біз жауынгерлерге.

– Отан солдаты Бауыржан Момышұлының өмірі, творчествосы – жастарға әскери-патриоттық тәрбие берудің тамаша үлгісі. Кейінгі жеткіншек ұрпақты еліміздің ерлік тарихымен терең таныстыра түсуде, ерлік дәстүріне тәрбиелеуде ардагер ағаның тағы қандай ойлары бар? Енді соны білсек...

– Біз өзі эпоспен ауызданып, сонымен өмір сүрген халықпыз, бала. Шыбындаған аттай шұлғи бермей, оны ана қалқанқұлағыңа құйып ал. Ата-бабамыздың тарихындағы ерлік, батырлық қасиеттеріміз сол эпостан нәр алып, дамыған. Оның алтын арқауы, адал тәрбиесі кешегі Ұлы Отан соғысындағы қазақ жігіттерінің бойынан да үзілген жоқ. Біз кезінде соған қуанып, соны мақтаныш тұттық. Бүгінгі жас ұрпақ халқымыздың ерлік гимні – батырлар жырына сергек те сезімталдықпен қараса, оқыса екен деймін. Олай дейтінім, ерлік дәстүріне тәрбиелеудің табиғи әліппесі, міне, осында.

Жеткіншек ұрпақты еліміздің ерлік тарихына баулуда азамат соғысының отты жылдарындағы, Ұлы Отан соғысының сын сағатындағы жаппай ерліктер өзінше бір үлкен мектеп. Бұл бүгінгі жастар жадынан шығаратын нәрсе емес.

Халық батырымен арадағы әңгімені бұдан әрі соза берсек, ескерту естіп қалармыз деген оймен кетуге жинала бергенімізде, ол кісі оң қолымен ишарат жасап, орындыққа қайтадан отырғызды.

– Мен сендерге көп ұрсатыным бар, – деді ардагер аға жөткірініп қойып, – оны орынсыз қыжырлыққа санамаңдар,

қарақтарым. Бұл тиісуге қара тапшағандықтан емес, халқымызда: “Ата – балаға сыншы”, – деген дана сөз бар. Ұрыссам – бойларындағы мінді көріп қалып ұрсамын. Көрген кемшілікке көз жұмып қарау – қасиетімде жоқ нәрсе. Өмірде жалтақ болмаңдар, біреудің аузына қарап, соның айтқанына көніп, айдауына жүруді ізеттілік осы екен деп жаңсақ түсінбедер. Үлкеннің айтқанын екі етпеу, сөзге тоқтау – сыйластықтың, әдептіліктің әліппесі екені рас. Бірақ тек сонымен шектеліп қалушылық жас адамға пайда бермейді. Оған қосымша өзіңнің кісілігің, жол білер азаматтығың болуы керек. Әйтпесе біреудің айтқанына көніп, айдауымен жүру немесе “барып кел, алып келдің” адамы ретіндегі қолбала болу жасқаншақтыққа, кіріптарлыққа ұшыратады. Сендер құтты, жақсы заманда уызға жарып туған ұрпақсыңдар. Сондықтан батыл болыңдар, жүректерінде жігер, көздерінде от ойнап тұрсын. Понятно, тебе!

– Түсіндім! – дедім қарт кісінің алдында барынша ширақ болуға тырысып.

– Олай болса, жөнел, бала. Мен шаршадым, дем алайын.

Осы бір сөзді айтып, Баукең сұқ саусағымен орнынан тұр дегендей белгі берді. Қағаз, қарындашымды жинап жатып, қартқа қайыра көз салдым. Үй иесі қаққан қазықтай болып тіп-тік отыр екен. “Шаршағаны қайсы, жарықтықтың, әлі ширақ қой”, – деген оймен есікке бет алдым.

\* \* \*

Бұл әңгімені осымен аяқтауға болар еді. Бірақ, халқымыздың аяулы перзенті Баукеңнің өмірінің соңғы кездеріне қатысты төмендегі екі-үш мөлтек сәтті оқырмандарға хабардар етуді өзіміздің парызымыз әрі міндетіміз санадық. Соның біріншісі, 1981 жылғы 14 июльдегі 8-ші гвардиялық дивизия құрылуының 40 жылдығы қарсаңындағы кездесуден кейін арада үш ай өткен соң, редакцияның тапсырмасымен ол кісіге тағы да телефон соғуыма тура келді. Баукеңнің “Известия” газетінің 1981 жылдың 24 ноябріндегі санында “Мәңгі өшпес ерлік” (ескерте кетелік, бұл оның орталық баспасөзде жарияланған соңғы дүниесі еді) атты мақаласы жарияланды да, сол дүниені жастар газетіне аударып басу үшін, автордың рұқсатын алуымыз қажет болды. Біздің бұл өтінішімізге ол кісі келісім бермеді.